

Thermomix™ құрылғысын қауіпсіз басқаруды білу жақындарыңыздың сүйікті тағамдарын білумен бірдей маңызды болып табылады. Бұл Thermomix™ негіздері жинағында барлық маңызды қауіпсіздік ережелерін жинақтадық: барлық негізгі ережелерді қарап шығып, Thermomix™ құрылғысын қауіпсіз пайдалану туралы үйреніңіз және керек-жарақтар туралы барлық қажетті мәліметтерді біліп алыңыз!

Қауіпсіз пайдалану



АСА ТОЛТЫРМАҢЫЗ:

Араластыру науасының, ақырын қайнату ыдысының не Varoma ыдысының максималды толтыру деңгейінің белгісінен асырмаңыз және Thermomix™ құрылғысын аса толтырып жібермеңіз. Ингредиенттер салынған сайын араластыру науасындағы толтыру деңгейінің белгісін тексеріп отырыңыз. Араластыру науасын, ақырын қайнату ыдысын не Varoma ыдысын аса толтырып жіберсеңіз, Thermomix™ құрылғысының қауіпсіздік функцияларына әсер етіп, ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін.



ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРАДА ҚАЙНАП ТҰРАДЫ:

Ыстық тағамның тасып кетуінің алдын алу үшін өлшеуіш ыдысты араластыру науасының қақпағындағы ұяшыққа дұрыс салыңыз. Тағам осы қақпақтан не басқа жерден шығатын болса, жылдамдықты дереу азайтып, «қақпақты ашу» күйіне (тек TM31) өзгертуден бұрын кемінде 3 секунд «1» жылдамдығында ұстап тұрыңыз. Салқындамайынша күтіп, толтыру деңгейін тексеріңіз және қажет болса, азайтыңыз.



ӨЛШЕУІШ ЫДЫСТЫ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ:

Араластыру науасының қақпағындағы ұяшыққа Thermomix™ құрылғысына арналған және бірге берілген өлшеуіш ыдыстан басқа ешнәрсе қоймаңыз. Өлшеуіш ыдысты жаппаңыз, әйтпесе бу шықпай, аспап ішіндегі қысым артуы және ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін.



КЕРЕК ЖАРАҚТАР ЫСТЫҚ БОЛАДЫ:

Thermomix™ құрылғысының кейбір бөлшектері 60°C дәрежеден жоғары температурада қыздырылғанда ыстық болуы немесе ыстық бу шығаруы мүмкін. Сондықтан белгілі бір қашықтықты сақтап, ыстық бөлшектерін ұстағанда абай болыңыз. Тағам температурасы 60°C дәрежеден жоғары болғанда өлшеуіш қақпақты ұстамаңыз.



ЫСТЫҚ БУ:

Varoma арқылы жұмыс істеу кезінде Varoma қақпағының шеттерінен және үстіңгі жағынан ыстық бу шығуы мүмкін. Varoma шеттеріндегі тұтқаларынан ғана ұстаңыз. Бүкіл Varoma керек-жарағын алу кезінде араластыру науасының ұяшығынан ыстық бу шығуы мүмкін.



АСЫҚПАҢЫЗ:

Жылдамдығын өшіріп, дайын тағам тоқтамайынша кемінде 3 секунд күтіңіз. Содан кейін ғана қосқышты «қақпақты ашу» күйіне (тек TM31) ауыстырып, қақпақты абайлап ашыңыз.



ТУРБО РЕЖИМІН ТЕК САЛҚЫН ТАҒАМДАР ҮШІН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ:

Турбо режимін тек салқын ингредиенттерді дайындау үшін ғана пайдаланыңыз. Ыстық тағам дайындау кезінде турбо режимін пайдаланбаңыз.



ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АҚЫРЫН АРТТЫРЫҢЫЗ:

Жоғары температурада пісіргеннен кейін, жылдамдықты ақырын (тек TM31) арттырып, араластырыңыз.



ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АҚЫРЫН ТӨМЕНДЕТІҢИЗ:

Араластырылғаннан кейін, жылдамдықты ақырын төмендетіп, «1» жылдамдығын кемінде 3 секунд (тек TM31) сақтаңыз.